

**Түпқараған ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 38 "Түпқараған ауданы бойынша барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу және оларды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарактандыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Түпқараған аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 40 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 наурызда № 2643 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түпқараған ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 38 «Түпқараған ауданы бойынша барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу және оларды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарактандыру туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11-6-131 болып тіркелген, 2011 жылғы 2 наурыздағы № 13-14 (441-442 «Ақкетік арайы» газетінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін: мемлекеттік тілдегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі тақырыбы **ө з г е р м е й д і :**

«Түпқараған ауданы бойынша барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу және оларды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарактандыру туралы»; көрсетілген қаулыға № 1 қосымша, осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда **ж а з ы л с ы н ;**

қаулының 2 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«2. Қала, ауыл, ауылдық округтің әкімдері, қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіпте, үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін белгіленген орындарды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарактандырылуын **ұ й ы м д а с т ы р с ы н . » .**

3. «Түпқараған ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Г. Демеуова) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде ресми жариялануын **қ а м т а м а с ы з е т с і н .**

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Алтынгаалиевке **ж ү к т е л с і н .**

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Асауов

« К Е Л І С І Л Д І »  
Түпқараған аудандық сайлау  
комиссиясының төрағасы  
Қуанбай Аманбек Жолжанұлы  
23 ақпан 2015 жыл.

Түпқараған ауданы әкімдігінің  
23 ақпан 2015 жылғы № 40  
қаулысына қосымша

**Түпқараған ауданы бойынша барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары 1. Тақталар:**

**Форт-Шевченко қаласы бойынша:**

- 1) Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі шаруашылық жүргізу құқығындағы «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Маңғыстау облысы бойынша филиалының, Түпқараған аудандық бөлімшесі ғимаратының маңы;
- 2) «Қазақстан халық банкі» акционерлік қоғамы, Маңғыстау облысы бойынша филиалының Түпқараған аудандық бөлімшесі ғимаратының маңы;
- 3) Қалалық теміржол кассасы ғимаратының маңы (ескі автобекет);
- 4) «Нұрай» дүкенінің маңы («Түпқараған электр жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы).

**Баутин ауылы бойынша:**

- 1) «Маңғыстау политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Баутин филиалы ғимараттарының сол жағы;
- 2) «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының филиалы – Маңғыстау облыстық телекоммуникация дирекциясының, Түпқараған аудандық телекоммуникациялар торабының ауылдық бөлімшесі ғимаратының маңы (почталық байланыстың ауылдық бөлімшесі ғимараты);
- 3) «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» акционерлік

қоғамының Баутин филиалы ғимаратының маңы.

**Баутин ауылы Аташ елді мекені бойынша:**

1) «Түпқараған аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» мемлекеттік мекемесінің «Аташ елді мекені. Аташ кітапханасы» бөлімшесі ғимаратының маңы.

**Ақшұқыр ауылы бойынша:**

1) «Қазпочта» акционерлік қоғамы, почталық байланыстың ауылдық бөлімшесі ғимаратының маңы;

2) «Ақшұқыр мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының маңы;

3) «Малика» қосқабатты дүкенінің маңы;

4) Шаруашылық жүргізу құқығымен Түпқараған ауданы әкімдігі жанындағы «Коммуналдық қызмет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының маңы.

**Таушық ауылы бойынша:**

1) «Таушық ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі және «Қазпочта» акционерлік қоғамы, почталық байланыстың ауылдық бөлімшесі ғимаратының ортасы;

2) «Таушық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны және «Таушық» ауыл шаруашылығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кеңсесінің ортасы.

**Сайын Шапағатов селолық округі бойынша:**

1) «Сайын Шапағатов селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратының маңы;

2) «Сайын Шапағатов селолық округінің фельдшер-акушерлік пункті» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының маңы;

3) «№ 1 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» мемлекеттік мекемесі ғимаратының маңы.

## 2. Тұғырлар:

**Форт-Шевченко қаласы бойынша:**

1) Ақтау қаласы жағынан кіреберістегі автожолының екі қапталы;

2) «Түпқараған аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының маңы.

**Баутин ауылы бойынша:**

1) Түпқараған ауданы әкімі аппаратының "Ақбота" балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының маңы;

2) «Достық» қонақ үйінің маңы.

**Баутин ауылы Аташ елді мекені бойынша:**

1) Әліби Жангелдин көшесіндегі № 1 қосқабатты тұрғын үйдің маңы.

**Қызылөзен ауылы бойынша:**

1) «Ақтаукоопсауда» дүкенінің маңы.

**Таушық ауылы бойынша:**

1) «Таушық ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратының маңы.

**Сайын Шапағатов селолық округі бойынша:**

1) «№ 1 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» мемлекеттік мекемесі  
ғимаратының маңы.

**Ақшұқыр ауылы бойынша:**

1) Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі шаруашылық жүргізу құқығындағы «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Маңғыстау облысы бойынша филиалының, Түпқараған аудандық бөлімшесінің, Ақшұқыр ауылындағы өкілдігі ғимаратының маңы .